

Сабақтың тақырыбы: 1986 жылғы Қазақстандағы желтоқсан оқиғасы, себептері мен сипаты

Сабақтың мақсаты:

Білімділік:

1986 жылғы Алматы оқиғасының себептерін, сипатын, қозғаушы күштерін, маңызын білдіру, ұлттық қатынастағы жылдар бойы қордаланған шиеленіс пен жүйенің ұлт саясатын өзгертуге қабілетсіздігін таныту, 80- жылдардағы пленумдар мен конференциялардың мазмұн-мағынасы, мәніне талдау жасау, қоғамдық саяси өмірдің іріп-шіріп бара жатқан принциптерімен таныстыру;

Тәрбиелік:

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20жыл, 1986 желтоқсан оқиғасына – 25 жыл толуын оқушыларға айта отырып, Отанын сүюге, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; Желтоқсан оқиғасына қатысқан жерлес ағаларымыздың батылдығын дәріптеу.

Дамытушылық:

Тақырыптың себеп-салдары байланыстарын табу, басты мәселені ажырата білуге және өз пікірін дәлелдей алу дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасау.

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Сабақтың әдісі: СТО технологиясы бойынша құрылды.

Сабақтың көрнекілігі: тірек – сызбалар, кесте, интерактивті тақта, бейне таспа.

Сабақтың барысы:

I. Сабақ мына үш саты бойынша ұйымдастырылады:

Қызығушылықты ояту

(«1986жылғы желтоқсан оқиғасын» интерактивті тақта бойынша көрсету, сұрақтар қою)

Мағынаны тану

(жауаптар іздеу, мәселені зерттеу)

Ой – толғаныс немесе рефлексия (ойлау үрдісінің ең жоғарғы сатысында мәселені талқылау)

Кіріспе:

Жаңа дерек

«Бетбұрыс алдындағы қалыптасқан жағдай»

80 - жылдардың басында КСРО – да аса ауыр әлеуметтік – экономикалық жағдай қалыптасты. Ел күрделі дағдарыс алдында тұрды. Қазақстанның халық шаруашылығының құрылымы келеңсіз сипат алды.

Халық шаруашылығындағы тоқырау құбылыстары, онда орын алған қарама-қайшылықтар мен кемшіліктерді айқын көрсетті, олар негізінен әміршіл-бюрократиялық жүйенің жоспарлау мен өндіргіш күштерді орналастыруда жіберген қателіктеріне байланысты болды.

Мәселен, орта машина жасау, тиісті металдар, энергетика, металлургия, суландыру және қорғаныс министрліктері республика аумағында өздерін нағыз «қожайын» есептеді, олар республика мен оның еңбекшілерінің мүдделерімен санаспады.

Экономикалық отарлық бағытта қалыптасуына байланысты қажетті тауарлардың 60% республикаға КСРО – ның басқа аймақтарынан әкелінді.

Рухани мәдениет
күлдырады. Ұлттық
мәдениетке менсінбей
қараушылық қазақ
тілінің жағдайына кері
әсер етеді. Ана тілін
білмейтін, тіліне,
діліне, ұлтына
менсінбей қарайтын
мәңгүрттер тобы пайда
болды.

**Бұрынғы –
экономикалық
жүйенің арнасымен
алға қоғамды
түбегейлі өзгерту
қажеттігі
туындады.**


ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ. (1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан үзінді интерактивті тақта арқылы көрсетіледі)

«Білемін. Білгім келеді. Білдім.»

- Балалар, желтоқсан оқиғасы туралы бұрыннан қандай хабарыңыз бар, толығырақ нені білгіңіз келеді? Ортаға ойымызды сала отырып, кестені толтырайық

Білемін	Білгім келеді	Білдім
<p>Қазақ халқы 1986 жылдың желтоқсанында тар жол тайғақ кешуден өтті. 1986ж. Желтоқсан оқиғасы қазақтың басы бірігіп бір жұдырықтай жұмылған әрі бақытты, әрі қайғылы күн еді. Бүкіл ұлттың сүйегіне таңба түсіріп, әділетсіз шешім қабылданып, халықтың арнамысы таразыға салынған сын сағатта дүлей күшке қаймықпай қарсы шыға келген жастарымыздың ерен еңбегі ешқашан ұмытылмайды.</p>	<p>1.Шеруге қатысқандарды басып тастау үшін билік иелері жүргізген шаралар. 2.М.Шаханов туралы 3.Тәуелсіздік монументі туралы 4.Осы оқиғаға қатысқан жерлес адамдар туралы.</p>	

Сол жылдары Қазақстанда ұлтаралық қатынастар ушығып тұрған кез еді. Қазақ тілі мәртебесінің төмендетілуі, қазақ мектептерінің, бала-бақшаларының жабылуы, өзге ұлт өкілдерінің қазақтарды төмен санауы, Алматы қаласында қазақтардың баспанасыз жүруі – саналы жастардың намысын оятты. Осы кезде Қазақстан Орталық Партия Комитетінің 1-ші Хатшысы Дінмұхаммет Ахметұлы Қонаевты орнынан алып оның орнына Мәскеуден ұлты орыс – Колбиннің тағайындалуы намыс отын өршіте түсті. Жастар, студенттер, жұмысшы жастар: «Ел мен жер біздікі, неге бізді басқа жақтан келген біреу басқарады?» деген сұраққа жауап іздеп алаңғашықты.



Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы

«Желтоқсанда үзілген жауқазын»

- 1.1986 жылдың 17-18 желтоқсанында Брежнев алаңында не болғаны жайлы ?
- 2.Қазақ жастары осы күндері қандай қианат, қиындықтар көрді ?
- 3.Желтоқсан құрбандары және олардың тағдырлары не болды ?
- 4.Қазіргі таңдағы осы қайғылы оқиғаның орны қандай ? -деген сұраққа өздеріңіз тапқан жауаптарыңызды ортаға салуға шақырамын. Сонымен сөз кезегі
- 5.Қазақ жастарын қандай күш айдап барды ?
(Тарихшылар, Желтоқсан құрбандары, тілшілер сарапшылар, әдебиетшілер т.б)

*Тәуелсіздік
құрбандары мәңгі
ел есінде!*

видео

Желтоқсан – ел тарихы, ерлік тарихы

- Президент жарлығымен 1996 жылы 9 желтоқсанда Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбековке “Халық Қаһарманы” атағы беріліп, ата – анасына “Алтын жұлдыз” айрықша ерекшелік белгісі тапсырылды.*
- Сәбира, Ләззат, Ерболдарға “Ақтау жөніндегі анықтама” қағаздары берілді.*
- Желтоқсан оқиғасына түбегейлі баға беру туралы комиссияның 24 томдық материалдары әзірленді.*
- Құйынның құрбандарының ерліктеріне арналған “Аллажар” фильмі түсірілді.*
- Алматы төрінен “Тәуелсіздік ескерткіші” бой көтерді*

II Мағынаны тану. Оқушылар тақырып бойынша белгілі бір ой қалыптастырғаннан кейін топтарға бөлініп болжам кестесін толтырады.

1 топ. (тақырып бойынша себеп – салдарын анықтау)

Жылы	Себебі	Сипаты	Тарихи маңызы
1986 ж. 16-17 желтоқсан	<p>КОКП Орталық комитетінің нұсқауымен 1986 ж. 16 желтоқсанда Қазақстан КП Орталық комитетінің пленумы болды. Жиналысты КОКП Орталық комитетінің хатшысы Г. Разумовский жүргізді. Күн тәртібінде бір ғана ұйымдастыру мәселесі тұрды. Д.Қонаевтың орнына орталық өкіметінің ұсынысы бойынша Г.В.Колбинді сайлау ұсынылды. Шұғыл жиналған пленумға кеткен уақыт небәрі 18-ақ минут</p>	<p>Ондаған жылдар бойы қордаланып қалған келеңсіздіктер қоғамдық - әлеуметтік және мәдени салаларды қамтып өрескел кемшіліктер ұлт мәселелерінің қатты шиеленісуі республика жастарының ызасын келтіріп, оларды күрес жолына түсуге еріксіз алып келді.</p>	<p>Әлемді елең еткізген 1986 жылғы Алматы оқиғалары қазақ топырағында ұлттың санасын, намысын жетелеген қайсар буынның келгенін әйгіледі. Желтоқсан оқиғалары Қазақстан тарихындағы естен кетпес аса-ауыр және қайғылы беттердің бірі. Бұл оқиғалар Қазақстанда ғана емес, бүкіл Кеңес одағына еніп келе жатқан жас демократия үшін күрестің басы болды.</p>

Берілген қосымша құжат деректері бойынша талқылап, төмендегідей қорытындыға келеді.

105 адам жауапқа тартылды, 99 – ы сотталды. 99-дың ішінде екі адам өлім жазасына кесілді, (Қ. Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов) кейін олардың ісі қайта қаралып 20 жыл бас бостандығынан айырумен алмастырды. Алматы қаласы бойынша 8500 адам ұсталып, 1720 адам жарақат алған. ІІМ жүйесінен 1200 адам жұмыстан қуылған. 12 ЖОО – ның ректорлары орындарынан алынған. 246 студент оқудан шығарылды.

Алматыға арнайы жіберілген КОКП ОК саяси бюросының мүшесі М.С. Соломенцевтің нұсқауы байынша, КСРО-ның ақпарат құралдары бұл оқиғаларды «маскүнемдер мен нашақорлардың бұзақылық, ұлтшылдық арандату әрекеттері» деп түсіндірді. Қ. Рысқұлбеков, Л.Асанова, С.Мұхамеджанова, Е. Сыпатаев сынды боздақтар, есіл ерлер мәңгілікке көз жұмды.

**1986 жыл
16-17
желтоқсан**

М.Шахановтың 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің 23 жылдығына орай «Жұлдыздар отбасы» журналының бас редакторы Жарылқап Қалыбайдың сұрақтарына жауабынан үзінді келтіреді))

1996 жылы 16 желтоқсан күні Республика алаңына Тәуелсіздік монументі ашылды. Оның биіктігі 28 метр. Авторы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген суретшісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Шот – Аман Ыдырысұлы Уәлихан. М.Шаханов бастаған комиссия желтоқсанның 17- сі Демократиялық жаңару күні деп жариялады. 1986 ж. Желтоқсан оқиғасын есте сақтау үшін Республика алаңына ескерткіш тақта орнатылды.

III. Ой – толғаныс.

1. Алған білімдерін қорытындылау, жинақтау, жүйелеу мақсатында «Блум жүйесі» бойынша талқылаймыз.

Шарттары	Тапсырма	Түсінік, саралау, мысалдар
Білім	Жаңадан қандай білім алдың?	1986 желтоқсан оқиғасы туралы қосымша мәліметтер арқылы білімімді толықтырдым.
Түсінік, ұғу	Берілген білімді түсіндің бе? Немен дәлелдейсің?	Түсіндім. Қоғамдық - әлеуметтік және мәдени салаларды қамтыған өрескел кемшіліктер мен ұл мәселелерінің қатты шиеленісуі және республика бірінші басшысының ауыстырылуы пісіп-жетіліп тұрған жаппай наразылықтың ашық қарсылық білдіруіне түрткі болды.
Қолдану	Алған біліміңді неге қолданар едің?	«Отан үшін отқа түс күймейсің» дегендей Қайрат, Ербол ағаларымдай ел намысын қорғайтын азамат боламын.
Анализ	Қабылдаған біліміңді саралай біл, маңызын дәлелде?	Желтоқсан оқиғасы Қазақстан тарихындағы естен кетпес, аса ауыр және қайғылы беттердің бірі. Бұл оқиға Қазақстанда жаңа еніп келе жатқан күрестің басы болды.

<p>Синтез</p>	<p>Алған біліміңді жинақта</p>	<p>Наразылық бейбіт шеру түрінде өтіп, саяси сипат алды, ол мемлекеттік құрылысты құлатуға бағытталған жоқ, бірақ республика басшылығы жастардың пікірлерімен санасуды жөн деп таппады. Сондықтан саяси наразылықты өкіметке қауіп төндіру деп бағалап, арандатушылық әрекеттерге жол берілді</p>
<p>Баға</p>	<p>Өзіндік баға бер</p>	<p>Отаршылдыққа қарсы Қазақстан тарихындағы азаттық күрестің соңғы нүктесі деп айтуға болады. Тәуелсіздікке түрткі болған оқиға.</p>
<p>Каррекция</p>	<p>Нені ұға алмадың, жете түсінбедің, соны сарала.</p>	<p>М.Шаханов туралы қосымша мәліметте орталық биліктің арнайы «Метель» атты жауыздық операциясы әзірленді делінген.. Не үшін? Мақсаты не? Әлде республика басшыларының саяси мәдениеттерінің төмендігі, күрделі жағдайдан шығудың тиімді жолдарын таба алмауы, тек қара күшке сүйеніп үйренген әдетіне басуы себеп болды ма?</p>

*Сандар сыр
шертеді...*

Тарихи 5 кезең:

- 1. Жоңғар шапқыншылығы*
- 2. Ашаршылық (1930-1932 жыл)*
- 3. Репрессия (1937-1939 жыл)*
- 4. Ұлы Отан Соғысы (1941-1945 жыл)*
- 5. Желтоқсан оқиғасы (1986 жыл).*

- 1991 жылы 29 – тамызда Семей полигоны жабылды.
- 1991 жылы 16 - желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіздігін жариялады.
- 1991 жылы 2 – қазанда қазақ ғарышкері, Т.О. Әубәкіров ғарышқа ұшты.
- 1991 жылы 1 – желтоқсанда тұңғыш Президентіміз сайланды.
- 1992 жылы 2 – наурызда Қазақстан БҰҰ-на мүше болып қабылданды.
- 1992 жылы 4 – маусымда Еліміздің Мемлекеттік рәміздері бекітілді.
- 1993 жылы маусым айында еліміздің тұңғыш Конституциясы қабылданды
- 1993 жылы 15 – қарашада Төл теңгеміз дүниеге келді.
- 1995 жылы 30 – тамызда жаңа Ата Заңымыз қабылданды.
- 1997 жылы 10 – қазанда Ақмола қаласы Астана болып жарияланды.
- 2000 жылы Мәдениетті қолдау жылы болып жарияланды.
- 2002 – 2005 жылдар ауыл жылы болды.
- 2006 жыл Қазақстанда Пушкин жылы, Ресейде Абай жылы болып жарияланды.
- 2007 жыл Дінмұхамет Қонаев жылы болып жарияланды.
- 2008 жылы Қазақстандағы Украина жылы болды.
- 2008 жыл Шығыс Қазақстанның экология жылы болып жарияланды.
- 2009 жыл Ана мен Бала жылы болып жарияланды.
- 2009 жыл Германиядағы Қазақстан жылы болды.
- 2010 жыл Жас жеткіншектердің даму жылы болып жарияланды.
- 2011 жылы 3 – сәуірде Елбасы Н. Ә. Назарбаев қайта Президент болып сайланды.
- 2011 жылдың 16-желтоқсаны Қазақстан Тәуелсіздігінің 20-жылдық мерейтойы тойланады.
- 2012 жылдың 15-қаңтарында Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы болады.



Елбасы – біреу, басқасы – тіреу.



видео

Қорытынды: Мұғалім сабақты қортындылап, оқушыларды бағалап үйге тапсырма беріледі. Кесте

Сұақтар	Ақиқат	Аңыз
1. Көтерілістің басталу себебі		
2. Көтеріліс сипаты		
3. Желтоқсан құрбандары		
4. Құрбандарға тағылған кінә		
5. Құрбандардың қазіргі таңдағы жағдайы.		

ҚАЗАҚСТАН
тәуелсіздігіне



Желтоқсан оқиғасына - 25 ЖЫЛ

